

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидаларына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 149 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімін басшылыққа ала отырып, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары алуы мүмкін өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтердің құрамын және осындай мәліметтерді алу тәртібін бекіту туралы" 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 2 шешімі негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 21 тамыздағы № 136 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидаларына өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 149 шешіміне
ҚОСЫМША

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің

сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін іске асыру қағидаларына енгізілетін
ӨЗГЕРІСТЕР

1. V бөлім мынадай мазмұндағы 28¹-тармақпен толықтырылсын:

"28¹. Өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына немесе Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігін растайтын, өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің кеден органдарының алуына қатысты жалпы процесті іске асыру шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру ерекшеліктері № 2¹ қосымшаға сәйкес айқындалады."

2. Көрсетілген қағидаларға № 2 қосымшаның 4-тармағында:

а) бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мүше мемлекеттердің кеден органдарының сәйкестікті растау туралы құжаттар туралы мәліметтерді алуына қатысты жалпы процесті іске асыру шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде:";

б) он екінші абзацта "Үкімет жанындағы" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Мынадай мазмұндағы № 2¹ қосымшамен толықтырылсын:

"Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің
уәкілетті органдары сыртқы
және ішкі сауданы реттеу
кезінде ресімдейтін, соның
ішінде тыйым салулар мен
шектеулердің сақталуын растау
мақсатында кедендік
операцияларды жүргізген кезде
ұсынатын құжаттардың
дерекқорын пайдалану" жалпы
процесін іске асыру
қағидаларына
№ 2¹ ҚОСЫМША

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін іске асыру шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды өнімнің Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына немесе Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға)

қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігін растайтын, өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының алуына қатысты жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Осы құжат "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сыртқы және ішкі сауданы реттеу кезінде ресімдейтін, соның ішінде тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растау мақсатында кедендік операцияларды жүргізген кезде ұсынатын құжаттардың дерекқорын пайдалану" жалпы процесін (бұдан әрі - жалпы процесс) іске асыру шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды өнімнің Одақтың техникалық регламенттерінің (Кеден одағының техникалық регламенттерінің) талаптарына немесе Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға сәйкестігін растайтын, өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) кеден органдарының алуына қатысты жүзеге асыру ерекшеліктерін айқындайды.

2. Осы құжат мынадай халықаралық шарттарға және Одақтың құқығына кіретін актілерге:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа;

2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешіміне;

Кеден одағы Комиссиясының "Еуразиялық экономикалық одақта санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешіміне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы № 80 шешіміне;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары алуы мүмкін өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтердің құрамын және осындай мәліметтерді алу тәртібін бекіту туралы" 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 2 шешіміне сәйкес әзірленді.

3. Осы құжаттың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"бірыңғай тізілім" – мүше мемлекеттердің және Еуразиялық экономикалық комиссияның заңнамаларына сәйкес өнімдерді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктердің бірыңғай тізілімінің ұлттық бөліктерін жүргізуге уәкілеттік берілген мүше мемлекеттер мемлекеттік органдарының ақпараттық өзара іс-қимылдары шеңберінде

Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарын пайдалана отырып, қалыптастыру және жүргізу электрондық түрде жүзеге асырылатын, өнімдерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер туралы мәліметтері бар жалпы ақпараттық ресурс;

"бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігі" – өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтер қамтылған, қалыптастыруды және жүргізуді осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігін жүргізуге уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің мемлекеттік органы электрондық түрде жүзеге асыратын ақпараттық ресурс.

4. Мүше мемлекеттердің кеден органдарының өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтерді алуына қатысты жалпы процесті іске асыру шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде:

құжаттар туралы мәліметтер деп өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтер түсініледі;

жалпы ақпараттық ресурстар деп бірыңғай тізілім түсініледі;

ұлттық ақпараттық ресурс деп бірыңғай тізілімнің ұлттық бөлігі түсініледі;

мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары деп мүше мемлекеттердің бірыңғай тізілімнің ұлттық бөліктерін осы мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес қалыптастыруға және жүргізуге уәкілеттік берілген мемлекеттік органдары түсініледі;

мүше мемлекеттердің мүдделі органдары деп мүше мемлекеттердің кеден органдары түсініледі:

Армения Республикасы үшін - Армения Республикасының Мемлекеттік кірістер комитеті;

Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті;

Қазақстан Республикасы үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті;

Қырғыз Республикасы үшін - Қырғыз Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі;

Ресей Федерациясы үшін - Федералдық кеден қызметі.

5. Мүше мемлекеттердің кеден органдары жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде алуы мүмкін өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтердің құрамы және осындай мәліметтерді алу тәртібі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 2 шешімімен айқындалды.

Мүше мемлекеттердің кеден органдары өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтерді алуға қатысты жалпы процесті іске асыру шеңберінде өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтердің форматтары мен құрылымдарын анықтау кезінде сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен бірыңғай тізілімді қалыптастыруға қатысты

бөлігінде "Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін іске асыру үшін пайдаланылатын мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасында келтірілген электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары және құрылымдары ескеріледі.

6. Мүше мемлекеттің кеден органы жалпы процесс шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде өнімді мемлекеттік тіркеу туралы берілген куәліктер туралы кеден операцияларын жасау және кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді беру туралы Еуразиялық экономикалық комиссияға сұрау салу жібереді."